

**«АҚЫЛ-ОЙЫ ЖӘНЕ ДЕНЕ БІТІМІ ДАМУЫНЫҢ  
БҰЗЫЛУЛАРЫ БАР БАЛАЛАР МЕН  
ЖАСӨСПІРІМДЕРДІ ӘЛЕУМЕТТІК БЕЙІМДЕУ ЖӘНЕ КӘСІБИ-  
ЕҢБЕКПЕН ОҢАЛТУ ОРТАЛЫҒЫ» ЖАУАПКЕРШІЛІГІ  
ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ**

**«Арнайы білім беру ұйымдарында аутизмі бар балаларға педагогикалық  
көмек көрсету: қазіргі талаптар мен араласу бағдарламалары» атты  
арнайы білім беру ұйымдарының дефектологтеріне арналған  
педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының**

**БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

**АЛМАТЫ 2026**

## МАЗМҰНЫ

1. Жалпы ережелер.....	3
2. Глоссарий.....	4
3. Бағдарламаның тақырыптары.....	6
4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері.....	7
5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны.....	9
6. Оқу процесін ұйымдастыру.....	12
7. Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі.....	12
8. Бағдарлама нәтижелерін бағалау.....	13
9. Курстан кейінгі қолдау.....	14
10.Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі.....	14

## 1. Жалпы ережелер

1. Педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының «Арнайы білім беру ұйымдарында аутизмі бар балаларға педагогикалық көмек көрсету: қазіргі талаптар мен араласу бағдарламалары» білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) қарым-қатынас пен әлеуметтік өзара әрекеттесу бұзылыстары бар (аутизм және аутизм спектрінің бұзылыстары диагнозына сәйкес) балаларға түзете-дамыту көмегін көрсететін арнайы білім беру ұйымдарындағы арнайы педагогтердің (дефектологтердің) даярлығын реттейді.

2. ППТК мен ОО жұмыс істейтін арнайы педагогтердің (дефектологтердің) біліктілігін арттыру курстарын өткізудің өзектілігі мен қажеттілігі осы білім беру ұйымдарындағы түзету-педагогикалық жұмыстың ерекшелігі мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының қызметінен өзгеше, өйткені түзете-дамыту жұмысы топтық емес, жеке формада жүзеге асырылады және басқа оқу жоспары бойынша ұйымдастырылады.

Өңірлік ППТК деректеріне сәйкес, 01.01.2026 ж. жағдай бойынша қарым-қатынас пен әлеуметтік өзара әрекеттесу бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында 247 бала педагогикалық (дефектологиялық) көмек алған, ал ППТК-де көмек алған – 3246 бала және ОО-да көмек алған – 765 баланың дәл осындай ППТК қорытындысы бар.

Түзету кабинеттері мен оналту орталықтардың көптеген педагогі қарым-қатынас пен әлеуметтік өзара әрекеттесу бұзылыстары бар балалармен жұмыс барысында кәсіби қиындықтарға тап болады. Өзірленген біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламасы мамандардың кәсіби деңгейін арттыруға және қарым-қатынас пен әлеуметтік өзара әрекеттесу бұзылыстары бар балаларға көрсетілетін түзете-дамыту көмегінің сапасын жетілдіруге бағытталған.

3. Бағдарлама арнайы білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлерінің кәсіби қызметіне қарым-қатынас пен әлеуметтік өзара әрекеттесу бұзылыстары бар балаларға нәтижелі түзете-дамыту көмегін көрсетуге бағытталған ғылыми негізделген және дәлелді тәсілдерді енгізуге, сондай-ақ олардың білім беру кеңістігіне толыққанды кірігуін қамтамасыз етуге бағдарланған.

## 3. Глоссарий

5. Курс глоссарийі келесі негізгі ұғымдарды қамтиды:

Ұғым	Ұғымның анықтамасы
<b>Альтернативті коммуникация</b>	ауызша сөйлеуді толықтыратын немесе алмастыратын, сөйлеу арқылы өз ойын жеткізе алмайтын адамдарға арналған коммуникацияның барлық тәсілі.

<b>Инклюзивті білім беру</b>	әртүрлілікті, білім алушылардың сан алуан қажеттіліктері мен қабілеттерін құрметтей отырып, кемсітушіліктің барлық түрлерін жоюға және баршаға сапалы білім беруге бағытталған жалпы білім беруді үздіксіз дамыту үдерісі.
<b>Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (бұдан әрі – АКТ)</b>	оқыту үдерісінде АКТ құралдарын пайдаланудың психологиялық-педагогикалық негіздерін ескере отырып, әртүрлі формада алынатын, өңделетін және ұсынылатын ассоциативті байланысқан ақпарат идеясын әрі қарай дамытатын біріктірілген мультимедиалық ортада жұмыс істеу технологиясын меңгеру тәсілдері.
<b>Имитация (лат. <i>imitatio</i> — «еліктеу»)</b>	қандай да бір іс-әрекетті, мінез-құлықты дәл қайталау, жаңғырту, көшіруге ұмтылу.
<b>Командалық бағалау</b>	педагогтер тобы тарапынан ерекше білім беру қажеттіліктерін айқындау, түзете-дамыту бағдарламасының негізгі бағыттарын белгілеу және арнайы психологиялық-педагогикалық қолдаудың тиімді әдістерін таңдау.
<b>Қарым-қатынас пен өзара әлеуметтік әрекеттесудің бұзылуы</b>	тілді қолдану және басқа адамдармен тиімді қарым-қатынас орнату қиындықтарының себептері, көріністері мен сипатын бағалаудың психологиялық-педагогикалық критерийлеріне негізделген «аутизм» және «аутизм спектрінің бұзылыстары» клиникалық диагноздарын жүйелеу.
<b>Онтогенез</b>	ағзаның қарапайымнан күрделіге қарай құрылымы мен қызметінің жетілуін сипаттайтын, сандық және сапалық өзгерістер арқылы кезең-кезеңімен жүретін даму үдерісі.
<b>Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау</b>	білім алуға қажетті арнайы жағдайды айқындау.
<b>Мінез-құлықтың қолданбалы талдауы, МҚТ (ағылш. <i>Applied Behavior Analysis</i>, АВА)</b>	қоршаған орта факторларының адамның мінез-құлқына ықпалын зерттейтін ғылым саласы.
<b>Аутизм спектрінің бұзылысы (бұдан әрі – АСБ)</b>	әлеуметтік өзара әрекеттесу мен әлеуметтік байланысқа түсу және қолдау қабілетінің тұрақты тапшылығымен, сондай-ақ қызығушылығының шектеулілігі және мінез-құлық әрекеттерінің жиі қайталануы ақылы сипатталатын жалпы даму бұзылысы;

**Сенсорлық-интегративтік терапия**

арнайы ұйымдастырылған терапиялық ортада бұзылған функцияларды қатаң мөлшерленген және нақты құрылымдалған түрде жаттықтыру.

Терминдердің өзектілігі білім беру саласындағы инклюзивті білім беруді дамытуға және арнайы білім беру ұйымдарында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды әлеуметтік-педагогикалық модель негізінде сүйемелдеуге бағытталған нормативтік-құқықтық құжаттардағы соңғы өзгерістерге сәйкестігімен негізделеді.

#### **4. Бағдарламаның тақырыбы**

6. Педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының «Арнайы білім беру ұйымдарында аутисті бар балаларға педагогикалық көмек көрсету: қазіргі талаптар мен араласу бағдарламалары» білім беру бағдарламасының отандық білім беру жүйесінде баламасы жоқ. Бағдарламаның өзектілігі аутисті бар балалармен жұмыс істеуге арналған Арнайы дамыту бағдарламасы негізінде эмоциялық-ерік саласы бұзылған балаларға түзете-дамыту көмегін көрсету бағытындағы арнайы білім беру ұйымдары мамандарының қызмет мазмұнын ашуымен айқындалады.

Бағдарламада аутисті бар балалардың клиникалық-психологиялық сипаттамасы, аутизм көріністерінің түрлері және психологиялық-педагогикалық жұмыстың мазмұны қамтылған. Бағдарламаның жаңашылдығы аутисті бар балаларға арналған Арнайы дамыту бағдарламасы негізінде арнайы педагогикалық көмектің негізгі бағыттарын, қазіргі заманғы араласу стратегияларын және ата-аналарды баланы дамыту жұмысына тарту жолдарын зерделеумен сипатталады. Бағдарламаны іске асыру арнайы білім беру ұйымдарындағы педагог-дефектологтердің түзете-дамыту жұмысын ұйымдастыру және жүргізу бойынша біліктілігін арттыруға ықпал етеді.

Бағдарламаны іске асыру арнайы білім беру ұйымдарындағы арнайы педагогтердің (дефектологтердің) аутизм спектрінің бұзылыстары бар балаларға түзете-дамыту көмегін көрсету мәселелері бойынша кәсіби құзыреттілігін арттыруға, сондай-ақ білім алушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету жөніндегі мемлекеттік қызметтің сапасын жақсартуға бағытталған.

7. Біліктілікті арттыру бағдарламасы келесі тақырыптарды қамтиды:

1) Қазақстан Республикасындағы арнайы және инклюзивті білім беру саласындағы заңнамалық база. Арнайы білім беру ұйымдарында аутизм спектрінің бұзылыстары бар балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу.

2) Арнайы білім беру ұйымдарының – оңалту орталықтардың (ОО), психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттерінің (ППТК) қызметінің негізгі бағыттары. ОО мен ППТК қызметін ұйымдастыру қағидаттары. Командалық бағалауды жүргізу алгоритмдері, жеке дамыту бағдарламасын және отбасына көмек көрсету бағдарламаларын әзірлеу.

3) балалардың онтогенездік психологиялық және эмоциялық дамуының ерекшеліктері.

4) АСБ бар балалардың сөйлеу дамуының ерекшеліктері. Психологиялық-педагогикалық сипаттама.

5) Аутизмі бар балалармен жұмыстағы баламалы коммуникация жүйелері: қосымша және баламалы коммуникацияның отандық және шетелдік жүйелеріне шолу. Қолданылатын құралдарға байланысты коммуникация түрлері. Карточкалар алмасу арқылы қарым-қатынас жүйесінің тиімділігі (The Picture Communication System – PECS). Оқытуды құру қағидаттары. Оқытудың алты кезеңі. PECS (The Picture Communication System) карточкалар алмасу жүйесі, Макатон жүйесінің элементтері, PECS немесе Макатон жүйелеріне сәйкес әзірленген интерактивті қосымшалар, Блисс жүйесі, жалпылама оқуға үйрету жүйесі, Л.Б. Баряева мен Е.Т. Логинованың «Мен сөйлеймін!» пиктограммалар жинағы.

6) АСБ бар балалармен жұмыстағы мінез-құлықтық тәсілдер: мінез-құлықты талдаудың негізгі қағидаттары. Мінез-құлықтың функционалдық талдауы, АВС кестесі, мінез-құлықты жедел анықтау, жағымсыз мінез-құлықты түзету, жаңа дағдыларды қалыптастыру.

7) АСБ бар балалармен жұмыста сенсорлық интеграция әдістері.

8) ОО мен ППТК жағдайында психологиялық-педагогикалық жұмысты жоспарлау және ұйымдастыру.

9) Ата-аналарды балалармен жүргізілетін түзету-дамыту жұмысына тарту. АСБ бар балалардың ата-аналарымен психологиялық-педагогикалық жұмысты жоспарлау және ұйымдастыру.

10) Балаларды физикалық оңалту – ғылыми негізделген практикалардың бірі ретінде.

#### **4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері**

8. Біліктілікті арттыру бағдарламасының мақсаты – арнайы білім беру ұйымдарындағы арнайы педагогтердің (дефектологтердің) кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіру, қарым-қатынас пен әлеуметтік өзара әрекеттесу бұзылыстары бар балаларға заманауи тәсілдер мен ғылыми дәлелденген араласу әдістерін қолдана отырып, нәтижелі психологиялық-педагогикалық көмек көрсетуге жағдай жасау, олардың білім беру кеңістігіне толыққанды кірігуін қамтамасыз ету, сондай-ақ АСБ бар балалар мен олардың отбасыларының өмір сапасын арттыруға ықпал ету.

9. Бағдарламаның міндеттері:

1) тыңдаушыларда Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңдары мен заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерінің нормаларын, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету жөніндегі мемлекеттік қызметті қолдана алу қабілетін қалыптастыру;

2) «аутизм спектрінің бұзылыстары» ұғымы жөніндегі білімін кеңейту және аутизм кезінде ғылыми негізделген араласу практикаларын енгізудің заманауи тәсілдерін қарастыру;

3) аутизмі бар балалармен жұмыс істеуге арналған арнайы дамыту бағдарламасының ерекшеліктерімен таныстыру және оны осындай балаларды дамыту қызметінде қолдану әлеуетін талқылау;

4) PECS карточкаларын практикалық тұрғыда қолдану, ABC кестелерін толтыру, мінез-құлықты жедел анықтау, жағымсыз мінез-құлықты түзету және жаңа дағдыларды қалыптастыруға арналған араласу стратегияларын арнайы білім беру ұйымдары педагогтерінің қызметінде пайдалану дағдыларын үйрету;

5) педагогтерде эмоциялық-ерік саласы бұзылыстарын диагностикалау және түзету, сондай-ақ жеке дамыту бағдарламаларын стратегиялық жоспарлау саласындағы негізгі құзыреттерді қалыптастыру;

6) педагогикалық практиканың нақты кәсіби міндеттерін шешуге және контекстік қиындықтарды еңсеруге ықпал ету;

7) практикалық қызметті неғұрлым тиімді ұйымдастыру үшін алған білімді тікелей қолдану арқылы тыңдаушылардың кәсіби қажеттіліктерін қанағаттандыру.

10. Курсты аяқтағаннан кейін тыңдаушылар:

1) аутизм спектрінің бұзылыстары (АСБ) бар ерте жастағы, мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балаларды қолдаудың негізгі бағыттарын айқындау кезінде ұлттық нормативтік-құқықтық базаның негізгі қағидаларын түсіндіруге және жеке тәсілді қолдануға қабілетті;

2) ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға түзете-дамыту көмегін ұйымдастыру және көрсетуде арнайы білім беру жүйесіндегі арнайы білім беру ұйымдарының қызмет бағыттары мен қағидаттары туралы білімге ие;

3) аутизмі бар балалармен жұмыс істеудің ғылыми негізделген практикаларын біледі және олардың дамуының клиникалық, психологиялық және педагогикалық ерекшеліктері мен білімді меңгеруге, білік пен дағдыларды қалыптастыруға дайындығы арасындағы өзара байланысты түсінеді;

4) осындай балалармен жұмыс істеуге арналған арнайы дамыту бағдарламасын пайдалана отырып, арнайы білім беру ұйымдарында (оңалту орталықтарында, психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттерінде) аутизм спектрінің бұзылыстары бар балаларға түзете-дамыту көмегін ұйымдастыру бойынша негізгі құзыреттерді меңгереді;

5) жеке дамыту бағдарламасын бағалау мен жоспарлаудың командалық тәсілін қолдану алгоритмін талдап, негіздеуге қабілетті болады;

6) АСБ бар балалармен психологиялық-педагогикалық жұмыста арнайы дамыту бағдарламасын қолданудың жалпы қағидаттары мен ерекшеліктерін түсіндіре алады;

7) психологиялық-педагогикалық технологияларды пайдалана отырып, жұмысты ұйымдастыру барысын жоспарлауға, АСБ бар балалармен

жұмыста әртүрлі әдістер мен тәсілдерді қолдана отырып сабақтарды әзірлеуге қабілетті;

8) меңгерген және алған біліміне сәйкес белсенді кәсіби ұстаным қалыптастырып, оны педагогикалық практиканың нақты және өзекті міндеттерін шешуде көрсете алады.

## **5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны**

11. Бағдарлама 5 модульден тұрады: нормативтік-құқықтық, психологиялық-педагогикалық, мазмұндық, технологиялық, вариативтік.

**Нормативтік-құқықтық модуль:**

1-тақырып. Қазақстан Республикасындағы арнайы және инклюзивті білім беру саласындағы заңнамалық база. Арнайы білім беру ұйымдарында аутизм спектрінің бұзылыстары бар балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу.

2-тақырып. Арнайы білім беру ұйымдары мамандары қызметінің негізгі қызмет бағыттары – оңалту орталықтары (ОО), психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттері (ППТК). Мәселелерді бағалау үшін әлеуметтік-педагогикалық модельді қолдану. Арнайы білім беру ұйымдарындағы (ОО, ППТК) арнайы педагогтердің (дефектологтердің) қызметін ұйымдастырудың негізгі қағидастары. Командалық бағалауды жүргізу алгоритмдері, жеке дамыту бағдарламасын және отбасына көмек көрсету бағдарламаларын әзірлеу.

**Психологиялық-педагогикалық модуль:**

1-тақырып. Балалардың психикалық және эмоциялық дамуының онтогенезіндегі ерекшеліктері: баланың психофизикалық дамуының қалыпты заңдылықтарын зерттеудің маңыздылығы. Психофизикалық дамудың қалыпты кезеңдері, баланың эмоциялық-ерік саласының қалыптасу ерекшеліктері.

2-тақырып. Аутизм спектрінің бұзылыстары бар балалардың клиникалық-психологиялық-педагогикалық сипаттамасы: балалар аутизмі: мәселенің мәніне кіріспе, АСБ зерттеулерінің тарихи контексті. АСБ-ның психологиялық теориялары. Аутизм спектрінің бұзылыстарының нейрофизиологиялық негізі туралы қазіргі көзқарастар. Аутизмнің даму себептері. Аутизмі бар баланың психикалық дамуының ерекшеліктері. Аутизм спектрі бұзылыстарының жіктелімдері. Аутизм деңгейі әртүрлі балалардың дамуы. Әртүрлі клиникалық нұсқалардағы АСБ-ның негізгі белгілері.

3-тақырып. Аутизм спектрінің бұзылыстары бар балалардың дамуына арналған ғылыми негізделген араласу практикалары. АСБ кезіндегі әртүрлі араласу практикаларына шолу. Мәселенің зерттелу тарихы. Әлеуметтік өзара әрекеттесу мен коммуникация тапшылықтарымен жұмыс істеуге бағытталған араласулардың негізгі түрлері. Кешенді араласулар. Нысаналы араласулар. Түзету тәсілін таңдауда шешім қабылдау.

**Мазмұндық модуль:**

1-тақырып. АСБ бар балалардың сөйлеу дамуының ерекшеліктері. Психологиялық-педагогикалық сипаттама.

2-тақырып. Аутизмі бар балалармен жұмыстағы баламалы коммуникация жүйелері: қосымша және баламалы коммуникацияның отандық және шетелдік жүйелеріне шолу. Қолданылатын құралдарға байланысты коммуникация түрлері. Карточкалар алмасу арқылы қарым-қатынас жүйесінің тиімділігі (The Picture Communication System – PECS). Оқытуды құру қағидаттары. Оқытудың алты кезеңі. PECS карточкалар алмасу жүйесі, Макатон жүйесінің элементтері, PECS немесе Макатон жүйелеріне сәйкес әзірленген интерактивті қосымшалар, Блисс жүйесі, жаһандық оқуға үйрету жүйесі, Л.Б. Баряева мен Е.Т. Логинованың «Мен сөйлеймін!» пиктограммалар жинағы.

3-тақырып. АСБ бар балалармен жұмыстағы мінез-құлықтық тәсілдер: мінез-құлықты талдаудың негізгі қағидаттары. Мінез-құлықтың функционалдық талдауы, АВС кестесі, мінез-құлықты жедел анықтау, жағымсыз мінез-құлықты түзету, жаңа дағдыларды қалыптастыру. Жұмыстың бастапқы кезеңдерінде нығайтуды қолдану ерекшеліктері. Жағымсыз мінез-құлықтың себептері. Жағымсыз мінез-құлықты түзету бағдарламасын құрастыру. Бағдарламаның іске асырылуына мониторинг жүргізу.

4-тақырып. АСБ бар балалармен жұмыста сенсорлық интеграция әдістері: сенсорлық интеграция ұғымы. Сенсорлық интеграция бұзылыстары: симптомдары. Сенсорлық интеграцияға негізделген терапия. Ұсынылатын жабдықтар. Сенсорлық диета. Ойындар мен жаттығулар. Сенсорлық интеграциясының бұзылыстары бар балалардың ата-аналарына арналған ұсынымдар.

#### **Технологиялық модуль:**

1-тақырып. Арнайы білім беру ұйымдары – оңалту орталықтары (ОО), психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттері (ППТК) жағдайында психологиялық-педагогикалық жұмысты жоспарлау және ұйымдастыру: білім беру қажеттіліктерін бағалау және жеке дамыту бағдарламаларын әзірлеу кезінде командалық тәсілді қолдану. Кешенді бағалаудың мақсаты, міндеттері және қағидаттары. Арнайы білім беру ұйымдары мамандары арасындағы міндеттерді бөлу. АСБ бар балалардың ерекшеліктерін ескере отырып, командалық бағалауды жүргізу тәртібі. Командалық бағалау хаттамасын құру: құрылымы, мазмұны және рәсімделуі. Жеке дамыту бағдарламаларын әзірлеу және оларды кейіннен талдау.

2-тақырып. Ата-аналарды балалармен жүргізілетін түзете-дамыту жұмысына тарту. АСБ бар балалардың ата-аналарымен психологиялық-педагогикалық жұмысты жоспарлау және ұйымдастыру. Отбасы мен педагогтердің өзара әрекеттесу формаларын кәсіби тәжірибеде үйлестіру. Аутизмі бар баланы тәрбиелеу мен дамытуда бірыңғай тәсілді қамтамасыз ету. Ата-аналардың педагогикалық құзыреттілігін арттыру. Ата-аналардың қажетті психологиялық-педагогикалық білім мен практикалық дағдыларды меңгеруіне қолдау көрсету.

### **Вариативтік модуль:**

1-тақырып. Балаларды физикалық оңалту – ғылыми негізделген практикалардың бірі ретінде.

Вариативтік модульдің тақырыптары тыңдаушылар арасында жүргізілетін кіріспе сауалнама барысында айқындалады.

## **6. Оқу процесін ұйымдастыру**

12. Біліктілікті арттыру курстары келесі оқыту режимінде ұйымдастырылады:

1) күндізгі (дәстүрлі аудиториялық) немесе қашықтан (онлайн) оқыту – Бағдарламаның 1-қосымшасына сәйкес оқу режимінде, оқу-тақырыптық жоспар (бұдан әрі – ОТЖ) негізінде. Оқудың ұзақтығы – 80 академиялық сағат.

13. Білім беру процесі оқытудың интерактивті формалары мен әдістерін қамтиды: дәріс, семинар, топтық және жұптық практикалық жұмыс, дөңгелек үстел, дәріс фрагменттерінің презентациясы, кейс-әдіс, мәселелерді бірлесіп шешу, сондай-ақ аралас оқыту режиміндегі вебинар, онлайн-дәріс, онлайн-кеңес беру және тыңдаушылардың өзіндік жұмысы.

14. Педагогтердің Бағдарлама мазмұнын түсіну деңгейін арттыру мақсатында: топтық жұмыстарды кеңінен қолдану және кейінгі талқылау мен рефлексия; құжаттамамен жұмыс; теорияның негізгі мәселелерін шағын топтарда талқылап, кейіннен ұжымдық жұмыстарды таныстыру көзделеді.

## **7. Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі**

15. Бағдарламаның оқу-әдістемелік құрамына мыналар кіреді:

1) аутизм спектрінің бұзылысы бар балаларға түзете-дамыту көмегін көрсететін арнайы білім беру ұйымдарындағы арнайы педагогтерге (дефектологтерге) арналған біліктілікті арттыру курстарының бағдарламасы;

2) АСБ бар балаларды командалық бағалау үдерісін талдау және жеке дамыту сабақтарын құрастыруға арналған презентациялар мен таратпа материалдар;

3) психологиялық-педагогикалық жұмыстың жеке дамыту бағдарламаларының үлгілері;

4) арнайы білім беру ұйымдарындағы арнайы педагогтердің (дефектологтердің) қызметін ұйымдастыратын және олардың жұмысының мазмұнын ашатын құжаттама пакеті;

5) түзету сабақтары басталғанға дейінгі баланың жай-күйі (баланың сипаттамасы), түзете-дамыту жұмысының мазмұны;

6) сауалнама парақтары, бақылау және өзіндік жұмыстарға арналған материалдар;

7) бақылау тапсырмалары;

8) тест тапсырмалары;

9) кері байланыс сауалнамалары.

## 8. Оқу нәтижелерін бағалау

16. Тыңдаушылардың білімін бақылау және бағалау мақсатында келесі жұмыстар жүргізіледі: өзіндік жұмыс, жағдаяттық тапсырмалармен жұмыс, дәріс материалының фрагменттерін таныстыру, тест тапсырмалары, қорытынды бақылау жұмысы.

17. Тыңдаушылардың қызметі курс барысында орындалған өзіндік және тест тапсырмаларының нәтижесі, сондай-ақ практикалық жұмысқа қатысуы негізінде бағаланады.

18. Тыңдаушының курстарды өту барысында және аяқтағаннан кейінгі кезеңде танытқан кәсіби белсенділік деңгейі педагогтің тұлғалық-кәсіби дамуына бағытталған біліктілікті арттыру үдерісінің нәтижелілігі мен тиімділігінің өлшемі ретінде алынады.

**Тыңдаушыларды бағалау критерийлеріне мыналар жатады:**

1. Курс бағдарламасының мазмұнын меңгеру деңгейі;
2. өздігінен білім алуды және кәсіби қызметті жалғастыруға жеткілікті білімнің болуы;
3. психологиялық-педагогикалық үдерістің практикалық міндеттерін шешу қабілеті мен белсенділігі, нақты кәсіби жағдаятта талдау жасап, әрекет ете білуі.

Тыңдаушылардың кәсіби құзыреттерінің қалыптасу деңгейін және Бағдарлама мазмұнын меңгеруін айқындау мақсатында профессор-оқытушылар құрамы Бағдарламаның әрбір тақырыбы аясында кері байланысты ұйымдастыру және қорытынды тестілеу жүргізуде өзіндік жұмыстарды, сауалнама парақтарын және өзге де тапсырма түрлерін қамтитын бақылау тапсырмаларын әзірлейді.

Алынған деректер негізінде дәрістер мен практикалық сабақтардың мазмұнына қажетті түзетулер енгізіледі, қосымша материалдар (құжаттама үлгілері, әдебиеттер тізімі, дидактикалық және бейнематериалдар және т.б.) іріктеледі, Бағдарламаның жекелеген мәселелері бойынша қосымша түсіндірмелер жүргізіледі.

Қорытынды тестілеу нәтижелері төмендегі критерийлер бойынша бағаланады:

- **орындалмаған** – дұрыс жауаптар жоқ;
- **ішінара орындалған** – дұрыс жауаптар 50 %-дан аз;
- **орташа деңгейден жоғары орындалған** – дұрыс жауаптар 50 %-дан 60 %-ға дейін;
- **толық орындалған** – дұрыс жауаптар 60 %-дан 100 %-ға дейін.

Қорытынды тестілеуден сәтті өту және біліктілікті арттыру курсы аяқтау үшін кемінде 60 % дұрыс жауап жинау қажет. Қорытынды тестілеу нәтижелері негізінде тыңдаушыларды курстан кейінгі сүйемелдеу кезеңінде өткізілетін консультациялардың мазмұндық жоспары қалыптастырылады.

## 9. Курстан кейінгі қолдау

20. Тғындаушыларды курстан кейінгі қолдау біліктілікті арттыру курстары аяқталғаннан кейін үш жыл бойы жүзеге асырылады және қашықтан кеңес беру (электрондық пошта, ұялы байланыс, әлеуметтік желілер), онлайн-форумдар мен кәсіби тәжірибе алмасу арқылы ұйымдастырылады.

21. Курсты аяқтағаннан кейінгі алғашқы күнтізбелік жыл ішінде педагог курс тақырыбы бойынша бір өзіндік жұмыс ұсынады. Келесі үш жыл ішінде педагог жылына бір рет білім беру ұйымының басшысы куәландырған, белгіленген нысандағы кәсіби даму нәтижесі туралы есеп ұсынады.

22. Педагогтердің қызметін курстан кейінгі қолдауға жүргізілетін мониторинг үш жыл бойы жылына бір рет ұсынылған өзіндік жұмыс пен кәсіби даму нәтижесі туралы есептерді талдау негізінде жүргізіледі.

23. Мониторинг нәтижесі бойынша қажеттілік туындаған жағдайда біліктілікті арттыру бағдарламасының мазмұнына түзетулер енгізіледі.

## 10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

### 24. Курс бойынша негізгі әдебиеттер:

1. «Білім туралы» ҚР Заңы (01.09.2024 жылғы өзгерістері мен толықтыруларымен бірге).

2. «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі N 343 Заңы.

3. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 26 маусымдағы № 56-VII Заңы.

4. «Мүмкіндігі шектеулі балаларды арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 21 мамырдағы № 117 бұйрығы.

5. «Білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 29 сәуірдегі № 92 бұйрығы.

6. «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.

7. «Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарды оқыту саласындағы саясат пен практиканың қағидаттары туралы» Саламанка декларациясы, 1995 ж.

8. «Психологиялық-педагогикалық қолдау саласындағы жергілікті атқарушы органдар көрсететін мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету тәртібін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 27 мамырдағы № 223 бұйрығы. (17.11.2022 жылғы өзгерістері мен толықтыруларымен бірге).

9. «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2023 жылғы 21 шілдедегі № 224 бұйрығы.

10. «Тиісті типтердегі және түрлердегі мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы (02.08.2024 жылғы өзгерістері мен толықтыруларымен бірге).

11. «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы (20.12.2025 жылғы өзгерістері мен толықтыруларымен бірге).

12. «Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі N 338 Бұйрығы.

13. «Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын және бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 4 бұйрығы.

14. «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығы.

15. Мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған пәнаралық командалық бағалау мен жеке дамыту бағдарламаларының ұйымдастырушылық-әдістемелік негіздері (16.02.2023 ж. № 15/967-И хат)

16. Мүгедектігі бар баланың отбасына Халықаралық функциялау, өмір сүру мүмкіндіктері мен денсаулықтың шектеулерінің жіктемесі қағидааттары негізінде кешенді көмек көрсету (10.03.2022 ж. № 18-3/55-И хат).

17. Аутизмі бар балаларға арналған арнайы дамыту бағдарламасы (29.10.2020 ж. № 18-1/650 хат).

18. Сенсомоторлық түзету әдістерін қолдану арқылы мектепке дейінгі жастағы балаларды психологиялық-педагогикалық реабилитациялау (12.02.2019 ж. № 1250/11-3/199 хат).

19. Айрес, Джин. Ребенок и сенсорная интеграция. Понимание скрытых проблем развития. – М.: Теревинф, 2017; 2. Аутизм и проблемы в сенсорной

20. Баряева Л.Б., Логинова Т.В. Я говорю! Упражнения с пиктограммами. - М., 2007.
21. Григоренко Е.Л. Расстройства аутистического спектра. Вводный курс. Учебное пособие для студентов.— М.: Практика, 2018.
22. Гончаренко М.С., Манелис Н.С., Семенович М.Л., Стальмахович С. Адаптация образовательной программы обучающего с расстройствами аутистического спектра. Методическое пособие/Под общим ред. Хаустова А.В., Манелис Н.Г.-М.:, 2016
23. Детский аутизм. Диагностика и консультирование. Практическое руководство для специалистов психолого-медико-педагогических консультаций. /авторы- составители Ерсарина А.К. Айтжанова Р.К. / - Алматы – 2011.
24. Джангельдинова З.Б., Баймуханова М.Е., Шевченко Ю.В. Использование альтернативной системы коммуникации в коррекционной работе с детьми с особыми образовательными потребностями в условиях реабилитационного центра и кабинета психолого-педагогической коррекции. Алматы, 2018.
25. Джангельдинова З.Б., Баймуханова М.Е. Психолого-педагогическое сопровождение родителей, воспитывающих детей с детским аутизмом. Алматы, 2015.
26. Детская психиатрия, психотерапия и медицинская психология. Стандарт третьего поколения / Под ред. Э. Г. Эйдемиллера – СПб.: Питер, 2022
27. Довбня С., Морозова Т., Залогина А., Монова И. Дети с расстройствами аутистического спектра в детском саду и школе: практики с доказанной эффективностью. -СПб. 2018
28. Ерсарина А.К. Психолого-педагогическая реабилитация детей дошкольного возраста с использованием методов сенсомоторной коррекции. Алматы, 2019.
29. Ерсарина А.К. Психологическое сопровождение детей с особыми образовательными потребностями в общеобразовательной школе. Алматы. 2022. [Электронный ресурс <https://www.special-edu.kz/>].
30. Консультативно-диагностическая работа с семьями, воспитывающими детей с РАС. Методические рекомендации / Под общ. ред. А.В. Хаустова, Н.Г. Манелис.бМ.: ФРЦ ФГБОУ ВО МГППУ.2020.
31. Лебединский В.В. Нарушения психического развития у детей. М., 1985.
32. Лебединская К.С., Никольская О. С. Диагностика раннего детского аутизма. - М., 1991.
33. Лепская Н.И. Язык ребенка: онтогенез речевой коммуникации.М.: РГГУ, 2013
34. Мамайчук И.И. Психологическая помощь детям с проблемами в развитии. - СПб., 2001.
35. Мелешкевич О., Эрц Ю. Особые дети. Введение в прикладной анализ поведения (АВА): принципы коррекции проблемного поведения и

стратегии обучения детей с расстройствами аутистического спектра и другими особенностями развития – Бахрах М., 2025

36. Егорова Е.В., Аханова Ж.Б., Култаева Д.Х. Сопровождение детей с особыми образовательными потребностями в общеобразовательной школе, Алматы. 2019 г.-106 с.

37. Морозова С.С. Аутизм: коррекционная работа при тяжелых и осложненных формах: пособие для учителя-дефектолога. - М.: Гуманитар, изд. центр ВЛАДОС, 2007.

38. Никольская О. С., Баенская Е. Р., Либлинг М. М. Дети и подростки с аутизмом: Психологическое сопровождение. - М., 2005.

39. Нуриева Л.Г. Развитие речи аутичных детей. - М., 2009.

#### 25. Курс бойынша қосымша әдебиеттер:

1. Lanovaz, M. J., & Dufour, M. M. (2019). A review of behavioral interventions for the treatment of aggression in individuals with autism spectrum disorder. *Journal of Autism and Developmental Disorders*, 49(11), 4405-4418.

2. Mazurek, M. O., Kanne, S. M., & Wodka, E. L. (2013). Physical aggression in children and adolescents with autism spectrum disorders. *Research in Autism Spectrum Disorders*, 7(3), 455-465.

3. Ghanizadeh, A. (2012). Melatonin in autistic children with sleeping problems. *Archives of Medical Research*, 43(8), 648-651.

4. American Psychiatric Association. (2013). *Diagnostic and statistical manual of mental disorders (DSM-5®)*. American Psychiatric Pub.

5. Maenner, M. J., Shaw, K. A., Baio, J., Washington, A., Patrick, M., & DiRienzo, M. et al. (2020). Prevalence and characteristics of autism spectrum disorder among children aged 8 years—autism and developmental disabilities monitoring network, 11 sites, United States, 2016. *Morbidity and Mortality Weekly Report. Surveillance Summaries*, 69(4), 1-12.

6. Телесные практики, сенсорная интеграция и эрготерапия: сборник методических материалов. – Пермь, 2018

7. Ольга Богдашина. Расстройства аутистического спектра: введение в проблему. Красноярск, 2012.

8. Семаго М.М., Семаго Н.Я. Теория и практика углубленной психологической диагностики. От раннего до подросткового возраста - М., 2018.

9. Рычкова Н.А. Поведенческие расстройства у детей: диагностика, коррекция и психопрофилактика. – Москва, 2008.

10. Крановиц К.С. Разбалансированный ребенок. Как распознать и справиться с нарушениями процесса обработки сенсорной информации/Кэрол Сток Крановиц/пер. с англ. –СПб., 2012